

**"Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 300 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 1430 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19800 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 300 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11427 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Құндылықтарды тасымалдау, қабылдау және сақтау тәртібі";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құндылықтарды алып қойған (берген) сот орындаушылары немесе органдар (тұлғалар) уәкілетті органды немесе жергілікті атқарушы органды құндылықтарды беру күні, орны және уақыты туралы олардың орындалуына дейін кемінде бес жұмыс күні қалғанда № 833 Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып жазбаша хабарлайды.

Құндылықтарды сот атқарушыларынан немесе құндылықтарды алып қоюшы (беруші) органдардан (тұлғалардан) уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға беру белгіленген күні, уақытта және орында мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі – қабылдап алу-беру актісі) бойынша әрбір

затты мұқият сипаттаумен мүліктің атауын, өлшем бірлігін, санын, мүлікті қабылдау кезінде бірлікке үшін алдын ала бағалауын, сомасын көрсете отырып жүзеге асырылады.

Қабылдап алу-беру актісін уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган № 833 Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онда көрсетілген тараптардың саны бойынша мөлшерде жасалады.

Коммуналдық меншікке иесіз, мұрагерлік, құрамында мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына, олжалар негіздері бойынша айналдырылған (түскен) құндылықтарды жергілікті атқарушы органдар есепке алу күнінен он күнтізбелік күн аспайтын мерзімде Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне оларды кейіннен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (бұдан әрі – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы) немесе Орталыққа жөнелту үшін береді.

Аталған құндылықтар Орталыққа құндылықтарды тапсыруды жүзеге асыратын уәкілетті органның шоттарында есепке алынады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) құндылықтарды Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне бергенге дейін сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Орталыққа немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына бергенге (жібергенге) дейін құндылықтарды сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыруды Комитеттің аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері (жергілікті атқарушы органдар) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензия негізінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар арасынан құндылықтарды сақтау бойынша қызметтерді жеткізушіні таңдауды жүзеге асырады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) жіберген кезде уәкілетті орган бағалы метал мен тастың санын, салмағын, сынамасын, түрін (атауын) және әрбір заттың ерекше белгілерін көрсете отырып, олардың әрқайсысының егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген акт тізімдемесін (бұдан әрі – Тізімдеме) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды, оған Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы қол қояды.

Тізімдемеге құндылықтарды мемлекет иелігіне айналдыруға негіз болатын құжаттардың (сот шешімі, сот сараптамасының актілері, есептен шығару актілері және басқалар) көшірмелері қоса беріледі.

Тізімдеме үш данада жасалады, олардың бір данасы уәкілетті органда қалады, екіншісі – құндылықтар салынған жөнелтілімнің (қаптың) ішіне салынады, үшіншісі - ілеспе хатпен бірге Орталыққа жіберіледі.

Ілеспе хатта құндылықтар мүліктің қандай түріне жататындығы (тәркіленген, мұрагерлік, иесіз немесе қазына), оның мемлекет меншігіне қандай негіз бойынша өткені, оның кімнің иелігінде болғаны (егер ол белгілі болса) құндылықтарды тәркілеуге құжаттардың (сот шешімі, сот сараптамасының актілері, есептен шығару актілері және басқалар) көшірмелерін қоса беріледі, сондай-ақ жөнелтілімді (қапты) ашу және құндылықтарды саны бойынша қабылдау кезінде уәкілетті орган өкілінің міндетті қатысуының қажеттігі көрсетіледі немесе өз өкілінің қатысуынсыз жөнелтілімді (қапты) ашуға және құндылықтарды қабылдауға келісім беріледі. Ілеспе хатта бағалау құнын көрсетуге болады.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталыққа немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына беруді (жіберуді) Комитеттің аумақтық бөлімшелері қабылдап алу-беру актісі бойынша сот орындаушыларынан немесе құндылықтарды алып қойған (беретін) органдардан (тұлғалардан) не жергілікті атқарушы органдардан құндылықтарды есепке қабылдаған күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ресімделген қабылдау және сұрыптау актісінде көрсетіледі және түпкілікті болып табылады. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актісінде ілеспе хатта көрсетілген және Орталықта бағалы металдардың салмағы мен сынамасын анықтау, зергерлік қоспаларды жіктеу және салмағын анықтау нәтижесінде алынған әрбір қосымшаның мәліметтері жазылады.

Салмағы тұрақсыз бұйымдар (ағашпен, гипспен, конифольмен, былғары белдіктерімен, матамен, маржанмен, інжумен және басқа гигроскопиялық материалдармен, сап бағалы металдармен жасалған) және уақыт өте келе қалай көбейсе, солай азаюы мүмкін бұйымдар жалпы салмағы бойынша ғана есептеледі. Осындай бұйымдарға сап бағалы металдар мен гигроскопиялық материалдармен құндылықтарға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес форма бойынша салмақтың өзгергені көрсетіліп карточкалар жасалады, олар құндылықтары бар орынға бұйымдармен бірге салынады. Салмақтың барлық өзгерістері мүмкін болып табылады және қабылдау және сұрыптау актілерінде, құндылықтарды біріктіру актілерінде, ашу және құндылықтарды соңғы өлшеу актілерінде салмақтың өзгеру себебін көрсету арқылы өлшенген мезгілдегі нақты жалпы салмақ көрсетіледі.

Бұйымды бұзбай оның химиялық таза салмағын анықтау мүмкін емес бұйымдар ( жапсырмасымен бұйымдар, күрделі бұйымдар, сағат механизмдері және басқалар)

жалпы салмақ бойынша бұйымдардың атауында бұйымның сынамасын көрсетумен есептеледі (мәселен, сағат корпусары 750 сынама).";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Құндылықтарды есепке алу және бағалау";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Республикалық меншікке айналдырылған құндылықтарды бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған құндылықтарды бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Құндылықтарды бағалау қызметі бойынша өнім берушіні таңдау "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес іске асырылады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Орталықпен берілген иесіз, мұрагерлік, құрамында мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына, олжалар негіздері бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) құндылықтарды Комитеттің аумақтық бөлімшелері беру күнінен он күнтізбелік күн аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы органдарға оларды өткізу, сот шешімі немесе бағалау бойынша иесіне қайтару үшін береді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Орталықтан құндылықтарды беруге уәкілетті тұлғалармен қол қойылған және мөрмен расталған уәкілетті органның тиісті жазбаша шешімі негіз болады.

Орталықтың құндылықтарды рұқсат етілмеген жағдайда беруіне жол бермеу мақсатында уәкілетті орган Орталыққа Комитеттің аумақтық бөлімшесінің құндылықтарды беру шешіміне қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының қолдары мен уәкілетті орган мөрі оттискісінің нотариалды куәландырылған үлгілерін жолдайды."  
";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Құндылықтарды өткізу тәртібі";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Орталықтың өткізу және объектішілік режимі бойынша талаптар сақталған жағдайда Орталықтан құндылықтарды беру сатушының өкілдеріне сауда ұйымы өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Орталық құндылықтарды бергеннен кейін оларды сақтауды және өткізуді сауда ұйымы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың негізінде қамтамасыз етеді.

Құндылықтарды қабылдағаннан кейін сауда ұйымы құндылықтарды өткізу нүктесіне дейін қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Сақтауға берілген құндылықтар сатуға дейін бағалануы тиіс. Құндылықтарға бағалауды жүргізу кезінде сауда ұйымы бағалаушының кіруін қамтамасыз етеді. Оларға бағалауды жүргізу үшін бағалаушының құндылықтарды ашуы және қарауы

уәкілетті орган және сауда ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалауды жүргізу үшін құндылықтарды ашу актісі жасалады.

Бағалау құны айқындалғаннан кейін сауда ұйымы мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген сатушының шотына өткізу үшін алынған құндылықтардың құнынан елу пайыз мөлшерінде ақшалай қамтамасыз етуді енгізеді.

Сауда ұйымы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптары бойынша барлық міндетті орындағаннан кейін ақшалай қамтамасыз ету сауда ұйымының банктік шотына қайтарылады.";

41-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41-2. Сауда ұйымы сауда-саттықты өткізу немесе құндылықтарды сауда-саттықтан алып тастау туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат баспа құралдарында немесе сауда ұйымының веб-сайтында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Құнын анықтағаннан кейін сатушы күнтізбелік бес күн ішінде әрбір бұйымның атауын, шығарған елін (егер белгілі болса), бағалы металдың түрін, санын, ендіріме санын, сынамасын/құрамын, жалпы, лигатуралық және химиялық таза салмағын (оларды есептеу мүмкіндігі кезінде), ендіріме сипаттамасын көрсете отырып, өткізілетін құндылықтар туралы ақпаратты тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.

Құндылықтарды сауда ұйымдары арқылы сақтауға және сатуға беру осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдап алу-беру актісіне қол қою арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Құндылықтарды сату сатушыдан хабарламаны алғаннан кейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жүзеге асырылады. Хабарламада оларды сатқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген деректемелер бойынша аударылуы тиіс соманы (алғашқы бағаны) көрсете отырып өткізілетін құндылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Сауда ұйымы құндылықтарды алғашқы бағадан төмен емес ашық сауда арқылы сатуға шығарады.

Сауда ұйымы сатып алуға ниет білдіргендерге құндылықтарды қарауға еркін қолжеткізуді қамтамасыз етеді.

Құндылықтар құнын бағалы металдардың химиялық таза салмағының құнынан, LBMA орташа есептелген фиксингі және орташа есептелген теңгенің құнды анықтағаннан кейін соңғы он екі ай АҚШ долларына орташа есептелген биржалық курсының құнынан төмендетуге болмайды.

Сауда ұйымы сатушыға оған берілген құндылықтар туралы ай сайынғы есепті ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:

"43-1. Егер үш ай өткеннен кейін өткізілмеген құндылықтар қалған жағдайда, сауда ұйымы құндылықтарды бұйымдардың құрамындағы бағалы металдардың химиялық таза салмағының құны бойынша LBMA орташа есептелген бағасы және құны айқындалған күнге дейін соңғы он екі айдағы АҚШ долларына қатысты теңгенің орташа есептелген биржалық бағамы бойынша сатып алады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 10, 11, 12 және 13 - қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 - қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің*

*Бірінші Орынбасары-*

*Қаржы министрі*

*А. Смаилов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2019 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 1430 бұйрығына

1-қосымша

Жекелеген негіздер бойынша

мемлекет меншігіне

айналдырылған (түскен) бағалы

металдарды, асыл тастарды және

олардан жасалған бұйымдарды

тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 1-қосымша  
нысан

№ \_\_\_\_\_ құндылықтардың тізімдеме актісі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (республикалық немесе коммуналдық меншік екенін  
көрсету) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (коммуналдық меншіктегі аудан немесе облыстық маңызы бар  
қаланы көрсету)

№ р /с	Құндылықтардың толық сипаттамасы (бағалы метал мен тастың түрін көрсетумен әр заттың ерекше белгілері)	Саны, дана/орны	Массасы, грамм	Сынамасы/ құрамы %
1	Әрбір сотталған адам бойынша	3	4	5
1	Алтын жеңтүйме	2	3,45	585
2	Жасыл түсті тастары бар алтын сырғалар	2	7,11	585
3	Жиынтық:			
	Жасыл түсті тастары бар күміс сырғалар	2	7,11	925
	Жасыл түсті тастары бар күміс сақина	1	2,42	925
	Жасыл түсті тастары бар күміс аспа	1	3,00	925
	Барлығы әрбір сотталған адам бойынша			
	Жиыны			

Ескерту: нысан мысал ретінде толтырылды

Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы

лауазымы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
2-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 2-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана  
БЕКІТЕМІН  
Директор (Директордың орынбасары)  
\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі  
атының бас әріптері, тегі >  
" \_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

**№ \_\_\_\_\_ құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдаудың актісі**

Иесі: <клиенттің атауы>

Жіберуші: <жіберушінің атауы>

Жолдамалар мына құжаттар бойынша қабылданған\*: <құжаттың атауы> №<нөмірі>  
<күні>

\* - Жөнелтілім арнайы байланыс қызметінің өкілімен тапсырған кезде тізілімнің нөмірі мен күні, сондай-ақ оның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіледі.

Нақты қабылданды:

Жөнелтілім нөмірі	Ілеспе құжаттардың деректері бойынша бағалау құны, теңге (мәлімет бар болғанда толтырылады)	Ілеспе құжаттар	
		атауы	парақтардың саны/ нөмірі, күні
	<санмен> (<жазумен>)		
Қаптау түрі	Саны	Бедерлерін сипаттау	Саны

Қабылдағандар:

Материалдық жауапты тұлға \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >  
>

Материалдық жауапты тұлға \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >  
>

Тапсырған:

<лауазымы> \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы Орталықтың бухгалтерлік қызметіне жолданады.

Есептік № <есепке алу нөмірі ><күні>

Орындаушы: < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >



Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
3-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 3-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана  
БЕКІТЕМІН  
Директор (Директордың орынбасары)  
\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >  
" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл

**№ \_\_\_\_\_ құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актісі**

Иесі: <клиенттің атауы>

Жіберуші: <жіберушінің атауы>

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (филиалының) материалдық жауапты тұлғаларының: \_\_\_\_\_ <лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)>, құрамындағы комиссия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өкімінің негізінде, уәкілетті орган өкілінің қатысуымен \_\_\_\_\_ <лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)>, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығына (филиалына) № \_\_\_\_\_ күнгі \_\_\_\_\_ <актінің атауы> актісі бойынша түскен № \_\_\_\_\_ құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу жүргізді.

Құндылықтар қаптамасының суреттемесі: \_\_\_\_\_

--	--	--	--	--

С а н ы

р/с №	Ілеспе құжаттардың актісінің атауы, нөмірі және күні	Акті бойынша көрсетілгені ( дана, орын, салыным)	Нақты бары (дана, орын, салыным)
----------	---	---	-------------------------------------

				бойынша айырым

Материалдық жауапты тұлға

<лауазымы> \_\_\_\_\_ <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Материалдық жауапты тұлға

<лауазымы> \_\_\_\_\_ <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Уәкілетті органның өкілі

<лауазымы> \_\_\_\_\_ <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қатысқандар: "лауазымы" \_\_\_\_\_ <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қатысқандар: "лауазымы" \_\_\_\_\_ <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы Орталықтың бухгалтерлік қызметіне жолданады.

Есептік № <есепке алу нөмірі> <күні>

Орындаушы: <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
4-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 4-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана

БЕКІТЕМІН

Директор (Директордың орынбасары)

\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >

" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

№ \_\_\_\_\_ қабылдау және сұрыптау актісі

Иесі: Клиенттің атауы

Дана Парақтар Парақ

Алдын ала қабылдау актісі <күні> <нөмірі>

Тапсырушы:

Жөнелтілімнің нөмірі:

Жеткізушінің деректері бойынша бағалау құны (мәлімет бар болғанда): санмен ( жазумен)

Жөнелтілім <күні> № <нөмірі> өкім бойынша ашылды.

Иесінің мекенжайы:

P/с №	Ілеспе құжаттар бойынша көрсетілгені				Қабылдау және сұрыптау кезінде бар болғаны								
	Ілеспе құжаттың атауы, № мен күні	Саны, дана/ жиынтық	Жалпы массасы, грамм	Сынамасы	Құндылықтың сипаттамасы	Саны, дана	Қоспалар саны, дана	Сынама / құрамы	масса жалпы, грамм / карат	бағаны кеміту, грамм/ карат	лигатуралық, грамм	химиялы, таза, грамм	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	

Кестенің жалғасы

Айырмашылықтар (+) -		Орталықтың есеп шотының нөмірі
Саны, дана	Массасы, грамм	
14	15	16

Жөнелтілім бойынша барлығы:

Оның ішінде сынамалары бойынша

Шот бойынша барлығы:

<есептің атауы> шоты бойынша жиыны

Біріктірілгенге дейінгі <есептің атауы> шоты бойынша барлығы

Біріктірілгеннен кейінгі <есептің атауы> шоты бойынша жиыны

Жолдамалар бойынша барлығы:

<комиссияның қорытындысы>

Құндылықтар оларға сынамалар қойылып диагностикадан өткізіліп қабылданды:

Сарапшы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Бақылаушы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Сапасы, массасы және есебі бойынша қабылданғанын растаймын:

лауазымы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Жалпы массасы \_\_\_\_\_ құндылықтарды өңдеуден қалған, есептелмейтін қалдықтар жойылды. Куәландырамыз:

лауазымы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

лауазымы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Нәтижелер жазылған актіде құндылықтардың тапталған өнімдерін растаймыз:

лауазымы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

лауазымы < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы Орталықтың бухгалтерлік қызметіне жолданады.

Есептік № < есепке алу нөмірі > <күні>

Орындаушы: < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
5-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 6-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы ( филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана

БЕКІТЕМІН

Директор (Директордың орынбасары)

\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >

" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

**№ \_\_\_\_\_ құндылықтарды біріктіру актісі**

Иесі: клиенттің атауы

Құндылықтардың атауы: <есеп шоттың атауы>

Жалпы массасы, грамм <жалпы массасы, грамм>

Саны, дана: <саны, дана>

Саны, орындар: <саны, орындар>

Актілер: <құжаттың атауы> № <нөмірі> <Күні>

№ <нөмірі> <күні> өкімі бойынша ашылады

Акт бойынша саналды				Ашу кезінде бар болғаны		
Массасы				жалпы массасы	Айырмашылығы	

№ р/с	актілердің нөмірі, күні	жалпы , грамм/ карат	бағаны кеміту, грамм/ карат	лигатурлық , грамм	химиялық таза, грамм	сынама / құрамы	саны , дана	, грамм/ карат	саны , дана	массадағы , грамм	санындағы , дана
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

### кестенің жалғасы

<есеп атауы>					<есеп атауы>					Бағасы	Сомасы
сынама <сынама> (<құрамы>)					сынама <сынама>						
жалпы массасы, грамм/карат	саны , дана	оның ішінде:			жалпы массасы, грамм/карат	саны , дана	оның ішінде:				
		атауы	жалпы массасы, грамм/карат	саны , дана			атауы	жалпы массасы, грамм/карат	саны , дана		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Актілер бойынша біріктіру нәтижесінде: <құжаттың атауы> <күні> № <нөмірі>

Қалыптастырылды:

Қалыптастырылды:

Қалыптастырылды:

Саны, орын <саны, орын>

Саны, орын <саны, орын>

Саны, орын <саны, орын>

Шот бойынша: <шоттың атауы>

Шот бойынша: <шоттың атауы>

Шот бойынша: <шоттың атауы>

Сынама:

Сынама:

Сынама:

Саны, орын

<саны>

<саны>

Жалпы массасы, грамм

< жалпы массасы, грамм>

<жалпы массасы, грамм>

Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат

<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/ карат>

<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>

Лигатуралық массасы, грамм

<лигатуралық массасы, грамм>

<лигатуралық массасы, грамм >

Химиялық таза массасы, грамм

<химиялық таза массасы, грамм>

< химиялық таза массасы, грамм>

Шот бойынша < орын № < орын нөмірі >

шоттың атауы> < с ы н а м а >

орын № <орын нөмірі >

Сынама : < с а н ы >

< с ы н а м а >

Саны, дана <жалпы массасы, грамм/карат> <саны>>

<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>

Жалпы массасы, грамм/карат

<Жалпы массасы, грамм/ к а р а т >

Бағаны кеміткендегі

<Бағаны кеміткендегі

массасы, грамм/

<Лигатуралық массасы,

грамм> массасы, грамм/карат>

к а р а т

<Химиялық таза массасы, грамм>

Лигатуралық

<Лигатуралық массасы,

массасы, грамм

г р а м м >

Химиялық таза

<Химиялық таза массасы,

массасы, грамм

грамм>

Біріктірілгенге дейін

"Алтын сынық" есеп

бойынша :

Сынама :

Саны, дана

Жалпы массасы,

г р а м м

Бағаны кеміткендегі  
массасы, грамм/

к а р а т

Лигатуралық  
массасы, грамм

Химиялық таза  
массасы, грамм

Лигатуралық массасы, грамм

Химиялық таза массасы, грамм

Есептелмейтін қалдықтар (<қалдықтарды сипаттау>), грамм

Біріктірілгеннен кейін есепке алынатын айырмашылықты есептеу:

<Есептің атауы> есеп бойынша:

Сынама:	Сынама:	Сынама:	Сынама:
Саны, дана	Саны, дана	Саны, дана	Саны, дана
Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм
Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/ карат	<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>	<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>	<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>
Лигатуралық массасы, грамм	<лигатуралық массасы, грамм>	<лигатуралық массасы, грамм>	<лигатуралық массасы, грамм>
Химиялық таза массасы, грамм	<химиялық таза массасы, грамм>	<химиялық таза массасы, грамм>	<химиялық таза массасы, грамм>

Біріктірілгеннен кейін "Алтын сынық" есеп бойынша:

Сынама:	<сынама> біріктірілгенге дейін	Айырмашылық	Біріктірілгеннен кейін
Жалпы массасы, грамм	<жалпы массасы, грамм>	<жалпы массасы, грамм>	<жалпы массасы, грамм>
Жалпы массасы, грамм	<жалпы массасы, грамм>	<бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>	< бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат>
Лигатуралық массасы, грамм	<лигатуралық массасы, грамм>	<лигатуралық массасы, грамм>	<лигатуралық массасы, грамм>
Химиялық таза массасы, грамм	<химиялық таза массасы, грамм>	<химиялық таза массасы, грамм>	<химиялық таза массасы, грамм>

Есептелмейтін қалдықтар (<қалдықтарды сипаттау>)

Жалпы массасы, грамм	Біріктірілгенге дейін жалпы массасы, грамм>	< Айырмашылық массасы, грамм>	Біріктірілгеннен кейін < жалпы массасы, грамм>
-------------------------	--	----------------------------------	---

Біріктірілгеннен кейін барлығы:

	Біріктірілгенге дейін	Айырмашықы	Біріктірілгеннен кейін
Саны, дана	Саны, дана	Саны, дана	Саны, дана
Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм	Жалпы массасы, грамм
Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/ карат	Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат	Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат	Бағаны кеміткендегі массасы, грамм/карат

Лигатуралық массасы, грамм	Лигатуралық массасы, грамм	Лигатуралық массасы, грамм	Лигатуралық массасы, грамм
Химиялық таза массасы, грамм	Химиялық таза массасы, грамм	Химиялық таза массасы, грамм	Химиялық таза массасы, грамм

<Комиссияның қорытындысы>

Сарапшысы	Сарапшысы	Сарапшысы	Сарапшысы
Сапасы, массасы және шоттары бойынша қабылданғанын растаймын:	Сапасы, массасы және шоттары бойынша қабылданғанын растаймын:	Сапасы, массасы және шоттары бойынша қабылданғанын растаймын:	Сапасы, массасы және шоттары бойынша қабылданғанын растаймын:

Жалпы массасы <Жалпы массасы, грамм> құндылықтарды есептеуден түскен есепке алынбайтын қалдықтар жойылды. Куәландырамыз:

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері тегі>  
<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері тегі>

Актіде көрсетілген құндылықтарды өңдеу нәтижелерін растаймыз:  
<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері тегі>  
<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері тегі>

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады.

Есептік № <есепке алу нөмірі> <күні>

Орындаушы: <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
6-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 7-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана

БЕКІТЕМІН

Директор (Директордың орынбасары)

\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >

" " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл



## № \_\_\_\_\_ құндылықтарды берудің актісі

Құндылықтардың атауы: <есептің атауы>

Иесі: <клиенттің атауы>

Беру үшін негіз: <құжаттың атауы> <күні> № <құжаттың нөмірі>

Іс жүзінде берілгені:

Саны, дана/орын:	<санмен> <жазумен>		
Жалпы/лигатуралық массасы, грамм	<санмен> <жазумен>		
Лигатуралық массасы, унция:	<санмен> <жазумен>		
Химиялық таза массасы, грамм	<санмен> <жазумен>		
Химиялық таза массасы, унция:	<санмен> <жазумен>		
Қаптау түрі	Саны	Бедерлерін сипаттау	Саны

Иесінің өкілі: <аты, әкесінің аты, тегі (ол бар болса)>

Құндылықтарды алу кезінде <күні> № <нөмірі> сенімхат көрсетілді

Берілген құндылықтар клиенттің <клиенттің атауы> <шоттың атауы> шотынан есептен шығарылды.

<Құжаттың атауы> <күні> № <құжаттың нөмірі> құжаты бойынша қалдық мынаны құрайды:

Саны: <санмен>

Жалпы массасы/лигатуралық, грамм: <санмен>

Химиялық таза массасы, грамм: <санмен>

Бергендер:

Құндылықтармен жұмыс жөніндегі

бөлімшенің материалдық жауапты тұлғасы \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Құндылықтарды сақтауды бақылау жөніндегі

бөлімшенің материалдық жауапты тұлғасы \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Қабылдаған:

Иесінің өкілі \_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы Орталықтың бухгалтерлік қызметіне жолданады.

Есептік № <есептік нөмір> <күні>

Орындаушы: < аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі >

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
7-қосымша

Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 8-қосымша  
нысан

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік  
мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (**  
**филиалы)**

№ \_\_\_\_\_ дана  
БЕКІТЕМІН  
Директор (Директордың орынбасары)  
\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >  
" \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл

**№ \_\_\_\_\_ құндылықтарды ашу және бөлу актісі**

Құндылықтардың атауы: <есептің атауы> сынама <сынама>

Иесі: <иесінің атауы>

Ашу және бөлу үшін негіз: <күні> №<өкімнің нөмірі>

<Құжаттың атауы> <күні> №<құжаттың нөмірі> құжаттары бойынша сақтауға  
түскен құндылықтар:

Ашу кезінде мыналар болды:

Қабы, орамасы, пломбылары: <бүтіндігі>

Салымдардың тізбесі: <ішіне салынған заттар>

Құндылықтар саны мен массасы:

	Саны		Массасы			
	орын	дана	жалпы, грамм/ қарат	Бағаны кеміту, грамм/қарат	лигатурлық, грамм	таза химиялық, грамм
Есепке алу құжаттары бойынша						
Іс жүзінде болғаны						
Айырмашылық						
Комиссияның жазғаны: <ашу және өлшеу бойынша комиссия қорытындысының мәтіні> бөлу нәтижелері:						
	Саны		Массасы			

	орын	дана	жалпы, грамм/ карат	Бағаны кеміту, грамм/карат	лигатурлық, грамм	таза химиялық, грамм
Іс жүзіндегі саны						
Бөлінгені						
Қалдық						
Айырмашылық						

Барлық бөлінгені:

Саны, орын: <санмен> <жазумен>

Саны, дана: <санмен> <жазумен>

Жалпы массасы, грамм/карат: <санмен> <жазумен>

Лигатуралық массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Қалғаны мынаны құрады:

Саны, орын: <санмен> <жазумен>

Саны, дана <санмен> <жазумен>

Жалпы массасы, грамм/карат: <санмен> <жазумен>

Лигатуралық массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Бөлу кезінде қалыптасқан жетіспеушілікті есептен шығару:

Саны, орын: <санмен> <жазумен>

Саны, дана: <санмен> <жазумен>

Жалпы масса, грамм/карат: <санмен> <жазумен>

Лигатуралық масса, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза масса, грамм <санмен> <жазумен>

Бөлу кезінде қалыптасқан артықты кіріске алу

Саны, орын: <санмен> <жазумен>

Саны, дана <санмен> <жазумен>

Жалпы массасы, грамм/карат: <санмен> <жазумен>

Лигатуралық массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Комиссияның жазғаны: <бөлу бойынша комиссия қорытындысының мәтіні>

Қаптау түрі	Саны	Бедерлерді сипаттау	Саны

Комиссия мүшелері:

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Ашу және бөлу нәтижелерін растаймыз:

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы БЕБ-ге жолданады.

Есептік № <есептік нөмір> <күні>

Орындаушы: <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
8-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 10-қосымша  
нысан

**Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен)**

**құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабы** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **(ұйымның атауы)** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **(құндылықтардың атауы) (металдың түрі)**

Өлшеу бірлігі \_\_\_\_\_

Сынама \_\_\_\_\_

Күні	№	Операцияның мазмұны	Дебет					Кредит				
			Саны, дана	Массасы			Сом, теңге	Саны, дана	Массасы			Сом, теңге
				жалпы	лигатуралық	химиялық таза			жалпы	лигатуралық	химиялық таза	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Кестенің жалғасы

Қалдық				
Саны, дана	Массасы			Сом, теңге
	жалпы	лигатуралық	химиялық таза	
14	15	16	17	18

Осы кітапта \_\_\_\_\_ бет (парақ) нөмірленіп тігілген

Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

—  
(қолы)

Комитеттің аумақтық бөлімшесі бөлімінің басшысы \_\_\_\_\_

—  
(қолы)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
9-қосымша

Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 11-қосымша  
нысан

№ \_\_\_\_\_ дана

БЕКІТЕМІН

Директор (Директордың орынбасары)

\_\_\_\_\_ < аты мен әкесі атының бас әріптері,  
тегі >

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

## № \_\_\_\_\_ құндылықтарды ашу және бақылаулық өлшеу актісі

Құндылықтардың атауы: <шоттың атауы> сынама <сынама>, иесі: <клиенттің атауы>

Ашу және бақылаулық өлшеулер үшін негіз: <Құжаттың атауы> <Күні> № <Құжаттың нөмірі>

<Құжаттың атауы> <күні> № <құжаттың нөмірі> құжаттары бойынша сақтауға түскен құндылықтар

Ашу кезінде мыналар болды:

Қабы, орамасы, пломбылары: <бүтіндігі>

Салымдардың тізбесі: <ішіне салынған заттар>

№ р/ с	Шоттың атауы	Актінің атауы,	Акт бойынша саналды				Ашу кезінде бар болғаны				Айырмашылығы		
			саны орын	саны дана	/ сынама	жалпы массасы, бағаны кеміту, лигатурлық	саны орын	саны дана	/ сынама	жалпы массасы, бағаны кеміту, лигатурлық	саны орын	саны дана	жалпы массасы, бағаны кеміту, лигатурлық

1	2	нөмірі, күні	4	5	құрамы, , %	, химиялық таза, грамм /карат	8	9	құрамы, , %	, химиялық таза, грамм /карат	12	13	, химиялық таза, грамм /карат	14
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	14

Ашу және бақылаулық өлшеу кезінде табылған жетіспеушілікті есептен шығару:

Саны, дана: <санмен> <жазумен>

Жалпы массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Бағаны кеміту массасы, грамм <санмен> <жазумен>

Лигатуралық массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза массасы, грамм <санмен> <жазумен>

Ашу және бақылаулық өлшеу кезінде табылған артықты кіріске алу

Саны, дана: <санмен> <жазумен>

Жалпы массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Бағаны кеміту массасы, грамм <санмен> <жазумен>

Лигатуралық массасы, грамм: <санмен> <жазумен>

Химиялық таза массасы, грамм <санмен> <жазумен>

Комиссияның жазғаны: <ашу және өлшеу бойынша комиссия қорытындысының мәтіні>

Қаптау түрі	Саны	Бедерлерді сипаттау	Саны
Комиссия мүшелері:	<лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі> <лауазымы> <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>		

Ашу және бақылаулық өлшеу нәтижелерін растаймыз:

Түгендеу комиссиясының мүшелері:

<аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

<аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

<аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Акт екі данада жасалды: бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы уәкілетті органға жолданады, көшірменің бір данасы Орталықтың бухгалтерлік қызметіне жолданады.

Есептік № <есепке алу нөмірі> <күні>

Орындаушы: <аты мен әкесі атының бас әріптері, тегі>

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1430 бұйрығына  
10-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы

металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 12-қосымша  
нысан

Уәкілетті орган \_\_\_\_\_

№\_\_ дана  
БЕКІТЕМІН

Басшы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар  
болса)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

## №\_\_\_\_\_ бағалауды жүргізу үшін құндылықтарды ашудың актісі

Сауда ұйымының материалдық жауапты тұлғасы: \_\_\_\_\_  
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) № \_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ бұйрығының/  
өкімінің негізінде, уәкілетті орган өкілінің \_\_\_\_\_ лауазымы, тегі, аты,  
әкесінің аты (ол бар болса) және бағалаушының өкілі \_\_\_\_\_ лауазымы, тегі,  
аты, әкесінің аты (ол бар болса) қатысуымен \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мекенжайындағы № \_\_\_\_\_ құндылықтарды ашуды жүргізді.

### Құндылықтар сипаттамасы:

Саны, дана/орын:	санмен (жазумен)		
Жалпы/лигатуралық массасы, грамм	санмен (жазумен)		
Лигатуралық массасы, унция:	санмен (жазумен)		
Химиялық таза массасы, грамм	санмен (жазумен)		
Химиялық таза массасы, унция:	санмен (жазумен)		
Қаптау түрі	Саны	Бедерлерін сипаттау	Саны

Сауда ұйымының материалдық жауапты тұлғасы  
лауазымы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Уәкілетті органның өкілі  
лауазымы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Бағалаушының өкілі  
лауазымы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Акт үш данада жасалды: бірінші данасы уәкілетті органда қалады, екінші данасы  
сауда ұйымына беріледі және үшінші данасы бағалаушыға беріледі.

Есептілік № \_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2019 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 1430 бұйрығына  
11-қосымша  
Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) бағалы  
металдарды, асыл тастарды және  
олардан жасалған бұйымдарды  
тасымалдау, қабылдау, есепке  
алу, бағалау, сақтау және өткізу  
ережелеріне 13-қосымша  
нысан

Уәкілетті орган \_\_\_\_\_

№\_\_ дана  
БЕКІТЕМІН

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар  
болса)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

## № \_\_\_\_\_ құндылықтарды қабылдап алу-берудің актісі

Құндылықтардың атауы: \_\_\_\_\_

Шоттың атауы \_\_\_\_\_

Беру үшін негіз: Құжаттың атауы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Іс жүзінде берілгені:

Саны, дана/орын:	санмен (жазумен)		
Жалпы/лигатуралық массасы, грамм	санмен (жазумен)		
Лигатуралық массасы, унция:	санмен (жазумен)		
Химиялық таза массасы, грамм	санмен (жазумен)		
Химиялық таза массасы, унция:	санмен (жазумен)		
Қаптау түрі	Саны	Бедерлерін сипаттау	Саны

Сауда ұйымының өкілі: \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Құндылықтарды алу кезінде \_\_\_\_\_ күні

№ \_\_\_\_\_ сенімхат көрсетілді

Саны:	санмен
Жалпы/лигатуралық массасы, грамм:	санмен
Химиялық таза массасы, грамм:	санмен

Бергендер:

Уәкілетті органның материалдық жауапты тұлғасы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қабылдаған:

Сауда ұйымының материалдық жауапты тұлғасы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)



Акт екі данада жасалды: бірінші данасы уәкілетті органға жолданады, екінші данасы сауда ұйымына жолданады.

Есептілік № \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК